

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 ш. 01 қыркүйек № 02

2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес, Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №320 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағаныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезең мынадай мерзімдері айқындалсын:
 - 1) Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей 2023-2024 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленсін;
 - 2) 2023-2024 оқу жылының басталуы – 2023 жылғы 1 қыркүйек;
 - 3) Оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы;
 - 4) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
 - 1) 1-11 сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан – 5 қараша қоса алғанда), қысқы каникул – 10 күн (2022 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар қоса алғанда), көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);
 - 1-сыныптарла қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).
2. Осы бұйрықтың орындалуын басшының оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары Д. М. Абдиловаға жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы



Капизина